

**Әлеуметтік  
психологияның  
зерттеу әдістері мен  
әдіснамасы**

---

---

# Жоспар:

- ❖ Әлеуметтік психология мен ғылыми зерттеу әдіснамасы
- ❖ Жалпы ғылымдық әдістер
- ❖ Бақылау, табиғи және лабораториялық әдістер

Әлеуметтік психологияны зерттеу аймағы ретінде XIX ғасырдың аяғында пайда болғанымен өзіндік ұғымдық аппараты мен әдістері бар күрделі ғылыми пән ретінде XX ғасырдың ортасында ғана пайда болды.



## Бүгінгі таңдағы әлеуметтік психологияның негізгі мәселелері -

---

- Өзінің теориялық іргетасын орнықтыру
- Жаңаша зерттеу әдістерін жасау
- Үлкен ж/е шағын топтардың дамуы мен қызмет етуінің ерекшеліктерін зерттеу
- Адамдардың өзара қарым-қатынастарын айқындау
- Жеке адамдағы әлеуметтік-психологиялық зерттеу

---

*Ғылыми әдіс* – жалпы ғылыми аясындағы қолданылатын әдістердің жиынтығы. Осыған қоса әрбір ғылым саласы тек қана арнаулы объектіге ғана емес, сол объектіген сәйкес арнаулы әдіске де ие болады.

## Бақылау әдісі

Әлеуметтік психологияда негізгі іздестірілетін сұрақтардың бірі-қалай бақылау керек? Бақылаған кезде не нәрсеге көңіл бөлінеді?

Әлеуметтік- психологиялық зерттеулерде бақылау бірлігі зерттеу затына байланысты нақты түрде шешіледі. Екінші бір маңызды жағдай-бақыланатын жағдайдың уақыт аралығы, бақылау бірліктерін бөліп алудың (уақыты бойынша) көптеген жолдары болғанымен , бұл мәселе аяғына дейін шешілмеген. Бұл әдіс оншалықты қарапайым болғандықтан әлеуметтік психологиялық зерттеулерде табысты түрде пайдаланыла бермеуі мүмкін.



Құжаттарды қарастыру- өңдеу әдісі үлкен маңызы бар әдіс, себебі осы әдіс арқылы адамдардың іс-әрекетінің өнімдерін талдауға болады. Әдістің субъектіленген (зертеушінің дара психикалық қасиеттері) қарастыру үшін ерекше «контент-анализ» тәсілі («мазмұнды талдау») енгізіледі. Бұл тәсілді текстіде арнаулы «бірліктер» бөлініп алып, солардың пайдалану жиілігі саналады. Көбінде бұл әдіс әлеуметтік психологияда көпшілік коммуникациялық зерттеулерде қолданылады (теледидар, баспасөз т.б )

Сұрау әдістері (сұрақ-жауап) көптеген әдістердің ішінде әлеуметтік психологияда ең көп таралғандары. Әсіресе үлкен топтады зерттеуде анкеталар (сауалдама) және интервью пайдаланылады. Осы әдісті қолданғанда негізгі әдіснамалық проблема- сұрақтарды дұрыс құрастыра білу өнеріне байланысты. 1 шарт –сұрақтарды құру логикасы (қисыны), ғылыми болжамға қажетті мәліметті алу және оның неғұрлым сенімді болуы.

---

Әлеуметтік психологияда көбінесе топтық сынақтардан (тест) көрі, жеке тұлғалық сынақтар қолданылады. Психологияның бұл саласында пайдаланылатын тестілер, көмекші әдістерге жатады. Сондықтанда олардың нәтижелері басқа алынған бесқа алынған деректермен сәйкестенуі керек, және де бұл әдіс (тест) көбінде жеке тұлға проблемасымен зерттеуде көрінеді. Топтарға арналған тест ішінен кең тарағаны әлеуметтік өлшем, ол шағын топтарды зерттеуде қолданылады.





# Эксперимент әдісі

---

Эксперимент әдісі әлеуметтік психологияда негізгі зертеу әдістерінің бірі. Эксперименттің негізгі екі түрі бар: табиғи және лабораториялық. Екеуіне де ортақ жалпы ережелер:

- Экспериментатордың тәуелсіз айнымалы шараларды енгізуі мен оны бақылауы және тәуелді шаралардыдың өзгеруін байқауы.
- Эксперименттік және бақылау топтарын бөліп қарастыру шарты жатады.



100 жылдан астам уақыт бойында психологияда эксперименті әдісі қолданып келе жатыр. Бұл әдістің маңызды ерекшелігі зерттеуші өзіне керекті психологиялық фактілерді алу мақсатында өзі белсенді түрде араласып, жасайды. Психологияда эксперимент табиғи және лабораториялық болып екіге бөлінеді. Табиғи экспериментті алғашқы ұсынған орыс ғалымы А. Ф.Лазурский (1874-1917) болса, эксперименттің лабораториялық түрін ғылымға 1979 жылы неміс ғалымы В.Вундт (1832-1920) енгізген болатын. Эксперимент түрлі құрал – жабдықтардың көмегімен арнайы лабораторияда өткізілуі тиіс. Эксперимент сондай-ақ констатациялық және қалыптастырушы болып бөлінеді. Зерттеудің бұл түрлері жас ерекшелігі психологияда кеңінен қолданылып келеді.





Аталған әдістермен қатар жас ерекшелігі психологиясында егіздер әдісі, анкета, іс-әрекет нәтижелерін талдау , биографиялық әдістер елеулі орын алады.

- *Егіздер әдісі* – адам психикасына орта мен тұқымқуалаушылық факторларының әсерін анықтауға мүмкіндік беретін гомозиготты және гетерозиготты егіздер арасындағы ұқсастық пен айырмашылықтарды зерттеу әдісі.
- *Анкеталау* – зерттелінушінің биографиялық мәліметтерін, пікірін, өмірлік құндылықтарын, ұстанымдары мен жеке қасиеттерін айқындау әдісі.
- *Биографиялық әдіс* – Жеке тұлғаның өмір жолын зерттеу, диагностикалау, коррекциялау мен болжамдау тәсілі.

# СОЦИОМЕТРИЯ ӘДІСІ

**Социометрия** кіші топтардағы әлеуметтік құбылыстарды зерттеудің жеткілікті дәрежеде танымал әдісі болып табылады. «Социометрия» термині латын тіліндегі: *socius* – дос, серіктес және *metrum* — өлшеу деген екі түбірдің қосындысынан құралған. Аталмыш термин ХІХ ғасырдың соңында бір топтың басқаларына деген ықпалын зерттеу үшін ағылшын әлеуметтанушысы мен психологы Джекобо (Якоб) Мореномен алғашқы рет қолданылады.



---

Социометрияның көмегімен тұлғааралық өзара әрекеттестікте анықталатын қалаудың, селқостықтың немесе қабылдамаудың сандық өлшемін шығаруға болады. Социометрия топ мүшелерінің арасындағы ұнатуды немесе ұнатпауды анықтау үшін қолданылады. Аталмыш әдс өте жедел жүргізіледі, оның нәтижелерін математикалық өңдеп, кесте түрінде шығаруға болады.

Социометриялық сұраудың негізіне: Сен кіммен бір партада отырғың келеді? Кіммен бірге демалғың келеді?; Кіммен ірге жұмыс жасағың келеді? деген сұрақтарды алуға болады. Таңдаудың – біріккен іс-әрекет бөліміндегі және көңіл-көтеру бөліміндегі екі бағыты ұсынылады. Таңдау қалаулылығының дәрежесін нақтылауға жәнетаңдауға ұснылған адамдардың санын шектеуге болады. Таңдаулар енгізілген матрицадан өзара ұнату мен ұнатпаулардың күрделі шиелінісін, социометриялық «жұлдыздарды» (көпшілікпен таңдалғандар), шеттетілгендерді (ешкіммен таңдалынбағандар) және сол полюстердің арасындағы аралық үзбелілердің тұтастай иерархиясын көруге болады.





Әлеуметтік- психологиялық зерттеу жүргізу үшін , алдымен бағдарлама құру дұрыс. Әр бір нақты зерттеуде шешілетін міндеттер, зерттеу объектісі, зертеу проблемасын тұжырымдау, қолданылатын ұғымдарды нақтылау және де пайдаланылатын барлық әдістерді анықтап алу қажет. Дұрыс құрылған бағдарлама негізінде ғана шын мәніндегі нәтиже алуға болады.

Назарларыңызға  
рахмет!!!





**ЖҮРЕКТЕН ЖҮРЕККЕ**



**“ЖАҚСЫ ТІЛЕК-  
ЖЫЛЫ ЖҮРЕК”**

